

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Өндірістік-пайдалану басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 3 қараша N 1669

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Өндірістік-пайдалану басқармасы" мемлекеттік кәсіпорны "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің шаруашылық басқармасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) деп қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі уәкілетті орган, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асырушы орган болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Кәсіпорынның әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі